



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

к.

«___» 2025 ж.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, тұлғасында екінші тараپтан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Казына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (катысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Казына» АҚ-га мешік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі занды тұлғалардың сатып алударын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмөндегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол коя отырып: • заннамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін қасіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол коя үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол коя алдында өзінің барлық қасіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін раставиды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. «Кеңкіяқ - Құмқөл МҚ-ның Арап ТАҚП қазандығын, жылыту, ыстық сумен жабдықтау жүйелерін күрделі жөндеу» жобасы бойынша құрылыш обьектілерін техникалық қадағалау Қызметтері Орындаушы барлық міндеттемелерді орындаған, оның ішінде Тапсырыс берушігө Шартқа сәйкес барлық құжаттарды ұсынған және Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша жасалған орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі) қол қойған жағдайда толық көлемде көрсетілді деп танылады.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша акы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Тиісті түрде көрсетілген Қызметтерге акы төлеуді Тапсырыс беруші Тараптар Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойғаннан және Орындаушы тиісті шот-фактуралы ұсынғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Орындаушының есеп шотына ақшалай қаражатты қолма-қол акшасыз аудару жылымен Қызметтер көрсету фактісі бойынша жүргізеді. Көрсетілген Қызметтердің құны ағымдағы есепті кезең үшін Шарт бойынша көрсетілген Қызметтердің көлеміне (пайыздық мәнде) сүйене отырып, ол Мердігер ұйым (бұдан әрі – Бас мердігер) осы ағымдағы есепті кезең үшін орындаған жұмыстардың пайызына тәң «Кеңкіяқ-Құмқөл МҚ-ның Арап ТАҚП қазандығын, жылыту, ыстық сумен жабдықтау жүйелерін күрделі жөндеу» жұмыстарын сатып алу туралы шарт бойынша жұмыстардың жалпы көлеміне тәң есепті кезеңде жоғарыда көрсетілген шарт бойынша орындалған жұмыстардың ілгерілеуіне сәйкес есептеледі. Ағымдағы есепті кезең үшін көрсетілген Қызметтердің құны № 4 қосымшага сәйкес нысан бойынша жасалған есепті кезең үшін көрсетілген Қызметтер құнының есебіне сәйкес айқындалады.

2.3.2. Тұркілікті есептеу Тапсырыс беруші обьектін пайдалануға қабылдау туралы актіні бекіткеннен және Тапсырыс беруші Орындаушыдан Шарттың осы бөлімінің 2.4-тармағында көзделген тиісінше ресімделген құжаттарды алғаннан кейін Тапсырыс берушіде көрсетілген Қызметтердің сапасы мен мерзімдеріне шағымдар болмаған жағдайда, Орындаушы Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізіледі.

2.4. Көрсетілген Қызметтер үшін акы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша тұркілікті есеп айрыысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шенберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішлік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің тұркілікті актісімен бірге электрондық сатып алушы жүргізуі қамтамасыз ететін «Самұрық-Казына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі;

2.4.3. Шот-фактура;

2.4.4. Шарттың 4-бөлімі 4.1-тармағының 4.1.3-тармақшасына сәйкес өзара есеп айрысуарды салыстыру актісі.





2.5. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заннамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-буру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.6. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюна байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.7. Егер Шарт жасалғаннан кейін Орындаушы (Шарт жасалған күнгі Орындаушының мәртебесіне байланысты): - ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қойылса, онда осы бөлімнің 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасы Орындаушыны тіркеу есебіне қойған күннен бастап қосылатын ҚҚС сомасы шегінде көбейтіледі; - ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығарылатын болса, онда Орындаушы тіркеу есебінен шығарылған күннен бастап ҚҚС-сыз шот-фактуранды/ларды жазып береді.

2.8. Шарттың жалпы сомасы, егер мұндай ұстап қалу Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген мөлшерлемелер бойынша көзделген болса, резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарынан төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын қамтиды.

2.9. Шарт бойынша ақы төлеу осы бөлімнің 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасы шегінде көрсетілген және Тапсырыс беруші қабылдаған Қызметтердің накты қөлемі үшін жүргізіледі.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Қызметтерді көрсету мерзімдері, шарттары, қөлемі және орны Шартқа №1 және №2 қосымшаларға, Орындаушының Сатып алу жөніндегі № 1100934 тендерлік өтініміне және Тапсырыс берушінің Сатып алу жөніндегі № 1100934 техникалық ерекшелігіне сәйкес айқындалады.

3.2. Қызметтерді Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісімен қөлемі мен сапасы бойынша қабылдайды. Тапсырыс берушінің орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне қол қойған күні Қызметтер көрсету/ Қызметтерді өткізу бойынша айналым жасау күні болып есептеледі.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушігে Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шенберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық қөлеміне (санына) арналған Шартта елішілік құндылықтың есебі (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.3. Есепті тоқсаннан кейінгі айдың 2 (екінші) күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушігে өз тарапынан қол қойылған өзара есеп айрысулады салыстыру актісін шарт жасалған күннен бастап есепті күнге дейінгі кезең үшін, өзара есеп айрысулады толық аяқталғанға дейін ұсыну.

4.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;

4.1.5. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;

4.1.6. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сактауға;

4.1.7. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сактамауды нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;

4.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп сокқан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні деруе ескертуге;

4.1.9. Тапсырыс беруші немесе үәкілдегі органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) үәкілдегі органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;

4.1.10. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-





эпидемиологиялық салуаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілді органдардың өкілдерінің кол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4.1.11. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 5.00 % мөлшерінде Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түрінде енгізсін. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды; Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылған жағдайда Тапсырыс беруші біржакты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуіндік түпкілікті мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындау жағдайлары алып тастауды құрайды. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржакты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама тенестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржакты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармакта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржакты тәртіппен бас тартады.

4.1.12. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандарды Қызмет көрсетуге жіберуге.

4.1.13. Орындаушы және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан астам болған кезде өз қарамағында өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және коршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өз қызметі және (немесе) мамандары болуы тиіс.

4.1.14. Денсаулық сақтау саласындағы үәкілді орган айқындаған тәртіппен өз жұмыскерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық күәландыруды жүргізуге.

4.1.15. Өз жұмыскерлерін қауіпсіз Қызмет көрсету үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.1.16. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді тиісті түрде көрсету (оның ішінде қажетті құжаттарды ұсына отырып, талап етілетін сапада белгіленген мерзімде толық қөлемде).

4.1.17. Есепті кезеңнен кейінгі айдың 2 (екінші) күннен кешіктірмей Тапсырыс берушігে өз тарапынан қол қойылған, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үәкілді орган бекіткен нысан бойынша жасалған Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін ұсынуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес және мерзімдерде шот-фактура жазып беруге міндетті. Орындаушы орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актілерінің электрондық көшірмелерін Тапсырыс берушігे жүйе арқылы жібереді.

4.1.18. Қазақстан Республикасының үәкілді мемлекеттік органдары Орындаушының шот-фактурасында көрсетілген қосылған күн салығы бойынша есепке жатқызудың дұрыстығын растамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде Тапсырыс берушігে келтірілген барлық шығындарды толық қөлемде өтегу.

4.1.19. Тапсырыс берушігে шот-фактуралы электрондық нысанда жазып беру бойынша Қазақстан Республикасының салық заңнамасының мерзімін немесе талаптарын бұза отырып жазып берген жағдайда, салық органдары тарапынан негізделген талаптардың және осындай оқиғаны растайтын құжаттардың болуы факті бойынша Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде барлық келтірілген залалдарды толық қөлемде өтегу.

4.1.20. Шартта, Қызмет көрсету кестесінде белгіленген немесе Тараптармен келісілген өзге де аралық мерзімде қызмет көрсету және Қызмет көрсетуді Шартта белгіленген мерзімде аяқтау.

4.1.21. Қызметтердегі елшілік құндылық есебі бойынша ұсынылатын акпараттың дұрыстығына кепілдік беру. Елшілік құндылық есебі бойынша жалған акпарат берген жағдайда Орындаушы Тәртіп пен Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.22. Шартта, оның ішінде техникалық ерекшелікте, Шартқа басқа да қосымшаларда, Орындаушының Сатып алу жөніндегі № 1100934 тендерлік өтінімінде және Тапсырыс берушінің Сатып алу жөніндегі № 1100934 техникалық ерекшелігінде көзделген өзге де міндеттерді орындау және өзге де талаптарды сактау.

4.1.23. Қызметтер көрсету шенберінде материалдарды/тауарларды, оның ішінде алыс-беріс материалдары/тауарларды пайдаланған және жеткізген жағдайда, Қазақстан Республикасында оларды өндіру жағдайында отандық материалдарды (тауарларды) пайдалану және сатып алушы жүзеге асыру.

4.1.24. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде Шарт талаптарында көзделген және Қызметтерді көрсету барысында ресімделген құжаттардың (есептер, фотосуреттер, бейнежазбалар және басқа материалдар) сакталуын қамтамасыз етуге.





- 4.1.25. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген жабдықтармен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыштармен), үй-жайлармен, бағдарламалық жасақтамамен қызметтер көрсету.
- 4.1.26. Сатып алынатын материалдар мен жабдықтардың МЕМСТ, ТШ, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын халықаралық стандарттарға сәйкестігіне кіріс бақылауын жүзеге асыру.
- 4.1.27. Құрылыш-монтаж жұмыстарында пайдаланылатын материалдардың, шикізаттың, бұйымдардың, конструкциялардың сапасы туралы қуәландыратын атқарушылық құжаттаманың толық және дұрыс ресімделуін тексеруді жүзеге асыру.
- 4.1.28. Сәйкесіздік туралы актілер жасай отырып, Тапсырыс беруші тарапынан сапасыз жабдықтар мен материалдарды қабылдамау бойынша комиссия құрамына қатысу.
- 4.1.29. Қоймалаудың, тасымалдаудың, тиеу-түсірудің және ерекше айналымды (жабдықты) талап ететін материалдар мен жабдықтармен жасалатын басқа да операциялардың нормалар мен халықаралық стандарттарға, дайындаушы зауыттың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын талаптарына сәйкестігіне бақылау жүргізу.
- 4.1.30. Құрылыш-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын материалдардың, бұйымдардың, конструкциялар мен жабдықтардың сапасын, олардың жобалық құжаттамаға, инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне косылуың техникалық шарттарына, техникалық регламенттердің талаптарына, инженерлік іздестіру нәтижелеріне сәйкестігін, олардың сапасын растайтын құжаттардың (паспорттардың, сертификаттардың, сынақ нәтижелерінің), сондай-ақ бақылаудың құжатталған нәтижелерінің болуы мен дұрыстығын тұрақты тексеруді жүзеге асыру. Ақаулар мен бұзушылықтарды уақытылы анықтау, олар туралы Тапсырыс берушіні хабардар ету.
- 4.1.31. Барлық техникалық және ұйымдастырушылық кеңестерге қатысу
- 4.1.32. Өзгерістер барысында туындайтын жобалық шешімдерді қаруға және келісуге қатысу, қажет болған жағдайда материалдарды, бұйымдарды, конструкцияларды сапаны төмendetпей ауыстыру жөніндегі мәселелерді жедел шешу.
- 4.1.33. КР КН 1.03-00-2022 «Құрылыш өндірісі. Қесіпорындар, ғимараттар мен құрылыштар салуды ұйымдастыру» талаптарына сәйкес технологиялық операциялардың құрамы мен орындалу сапасының сәйкестігіне тұрақты инспекциялық бақылау жүргізу.
- 4.1.34. Техникалық қадағалау журналын жүргізу.
- 4.1.35. Жалпы жұмыс журналына анықталған ақаулар мен бұзушылықтарды жою бойынша ескертулер мен нұсқаулар енгізеді, сондай-ақ олардың орындалуын бақылайды.
- 4.1.36. Қабылдау бақылауын жүзеге асырады, Бас мердігер орындаған құрылыш-монтаж жұмыстарының көлемін уақытылы тексереді, жасырын жұмыстарды қуәландыру актісін ресімдей отырып, әрбір технологиялық процесс бойынша жасырын жұмыстарды қуәландыруды жүргізеді.
- 4.1.37. Бас мердігермен орындалған құрылыш-монтаждау жұмыстарын қабылдау кезінде, сондай-ақ объектіні пайдалануға қабылдауға дайындау кезінде Тапсырыс берушінің объектілеріндегі жабдықтың әрбір түрінің толық дайындығын тексеру. Бас мердігердің атқарушылық құжаттаманы тиісінше және уақытылы ресімдеуін тексереді, қабылдау актілерінің тізбесіне енгізілген монтаждалған және орнатылған жабдықтардың болуын тапсырылатын объектіде іс жүзінде бар болуымен салыстырады.
- 4.1.38. Аяқталған құрылыш-монтаждау жұмыстарының есебін жүргізеді және жұмыс кестесінің орындалуы туралы есептілікті жасау үшін қажетті деректерді дайындауды.
- 4.1.39. Орындалған монтаждау жұмыстарының жобалау құжаттамасының талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.
- 4.1.40. Құрылыш-монтаж жұмыстары мерзімдерінің бұзылуына және сапасының нашарлауына әкелетін себептерді зерделеу, бұл туралы Тапсырыс берушіге уақытылы хабарлау және олардың алдын алу және жою жөнінде шаралар қабылдау.
- 4.1.41. Жабдықтар мен технологияларды балтау жұмыстарына және кешенді сынектарға қатысу. Нәтижелерді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімдеу.
- 4.1.42. Объектінің пайдалануға беруге дайындығын растау және жұмыс және қабылдау комиссияларының жұмысына қатысу.
- 4.1.43. Жұмыстарды қабылдау актілеріне, сапа нысандарына, сынақ хаттамаларына және басқа да құжаттарға бұрыштама қою.
- 4.1.44. Құрылыш-монтаж жұмыстарын қадағалайды және мониторинг жүргізеді.
- 4.1.45. Материалдарды тексеру және инспекциялау.
- 4.1.46. Иске косу-реттеу жұмыстарын және пайдалануға беруді қадағалауды жүзеге асыру
- 4.1.47. Тапсырыс берушінің объектілерін пайдалануға қабылдау кезінде ұсынылатын жұмыс құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын жұмыс жүргізу журналына жұмыстар басталған сәттен бастап олардың аяқталуына дейін бұрыштама қою.





- 4.1.48. Шартқа № 2 қосымшада көзделген өзге де қызметтер (іс-әрекеттер, іс-шаралар).
- 4.1.49. Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылғанға дейін Бас мердігер құрылыш-монтаждау жұмыстарын жүргізуін барлық кезеңде Қызметтер көрсету.
- 4.1.50. Ай сайынғы негізде, сондай-ақ Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша Шарт жасалған күннен бастап Бас мердігердің есепті кезеңде аткарган жұмысы туралы есепті Тапсырыс берушігে ұсынуға, есептің құрылымы Тапсырыс берушімен алдын ала келісілуі тиіс.
- 4.1.51. Бас мердігер құрылыш-монтаждау жұмыстарын аяқтаған кезде Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстардың сапасы туралы корытынды беру.
- 4.1.52. Барлық деңгейдегі қадағалау органдарының талаптары мен ескертулерін негіздеу және Тапсырыс берушіге түсіндіру.
- 4.1.53. Тапсырыс берушінің мүдделерін қорғау.
- 4.1.54. Тапсырыс берушінің мүддесі үшін Бас мердігердің құрылыш-монтаждау жұмыстарын орындаудына және монтаждалған жабдықты қабылдауға тәуелсіз техникалық қадағалауды жүзеге асыру.
- 4.1.55. Бас мердігердің құрылыш-монтаждау жұмыстарын жүргізуіндегі технологиялық процесін айқындайтын ұйымдастыру-технологиялық құжаттардың талаптарын сактауды техникалық қадағалауды қамтамасыз ету.
- 4.1.56. Бас мердігер жүргізетін жұмыстарға тәуелсіз техникалық қадағалауды толық көлемде сапалы және уақтылы жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеткілікті материалдық-техникалық ресурстарға ие болу.
- 4.1.57. Тапсырыс берушінің объектілерінде Бас мердігердің қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және коршаған ортаны қорғау ережелерін орындауды қамтамасыз ету.
- 4.1.58. Тартылатын мамандардың Қызмет көрсетуге қажетті біліктілігі және жұмыс тәжірибесі болуы тиіс.
- 4.1.59. Бас мердігер жұмыстарды толық аяқтаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Бас мердігер орындаған жұмыстардың орындалуына техникалық қадағалау корытындысын және қажетті құжаттаманы жолдау.
- 4.1.60. Техникалық қадағалауды жүзеге асыратын қызметкерлер, қосалқы мердігер (лер) және Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде тартылған кез келген өзге тұлғалар Бас мердігерге және оның қосалқы мердігерлеріне Тапсырыс берушінің объектісін салудын/реконструкциялаудың пайдалану сапасын нашарлататын шешімдерді колдануға қандай да бір нысанда рұқсат беруге құқылы емес.
- 4.1.61. Орындаушының тартылған қызметкерлері шығып қалған жағдайда не егер Тапсырыс беруші қанағаттанбаса, Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша төлемдерсіз тиісті ауыстыруды дереу қамтамасыз ету, сондай-ақ Тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша қызметкерлерді Қызметтер көрсетуден шеттету.
- 4.1.62. Қызметтер көрсету үшін тартылатын қызметкерлердің деректерін Тапсырыс берушіге келісуге алдын ала беруге міндетті.
- 4.1.63. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік пен тәуекелдердің барлық түрлерін Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде (қажет болған жағдайда) өз есебінен міндетті сактандыруды қамтамасыз етсін.
- 4.1.64. Шартқа № 6 қосымшага сәйкес нысан бойынша жасалған Тапсырыс беруші жұмыска жіберген наряд негізінде Қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету.
- 4.1.65. Үәкілетті мемлекеттік органдарға есептілікті ұсыну;
- 4.1.66. Тапсырыс берушінің үәкілетті өкілі растаған жұмыс уақытын есепке алу табелін (№ 7 қосымша) және Көрсетілген қызметтер актісін ұсыну және шот-фактураны ұсыну үшін негіз болып табылатын нақты жұмсалған шығыстар үшін басқа да растайтын құжаттарды ұсына отырып, көрсетілген Қызметтер құнының есебін ұсыну.
- 4.1.67. Орындаушы өкілінің жұмыс жүргізу участекінде айна кемінде 96 (тоқсан алты) сағат болуын қамтамасыз ету. Орындаушының өкілі жұмыс жүргізу участекінде айна 96 (тоқсан алты) сағаттан кем болмаған жағдайда және техникалық қадағалау тарапынан бақылауды талап ететін жауапты жұмыстарды орындау кезінде Тапсырыс беруші есепті кезеңде орындалған жұмыстардың көлемін азайтуға құқылы.
- 4.1.68. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қызметтер көрсету процесін тоқтатпау.
- 4.1.69. Қызметтер көрсетуге қатысатын персоналдың қатысуымен ереуілдер, наразылықтар, локауттар және басқа да еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, оның үйімінің бірінші басшысының осындағы жағдайларға байланысты кез келген мәселелерді шешу шараларына тікелей қатысуын қамтамасыз ету.





4.1.70. Қызметкерлердің жұмысын еңбек даулары туындаған кезеңде Қызметтерді көрсетуді толық тоқтатуды болдырмайтындағы етіп үйімдастыру. Қажет болған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушінің алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін косымша персоналды немесе косалқы мердігерлерді тартуға міндетті.

4.1.71. Ереуілдер, наразылықтар, локауттар және басқа да еңбек жанжалдары бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу, Тапсырыс берушімен келісу және бекіту, сондай-ак Қызметтерді көрсетудегі кірістерді мүмкіндігінше болдырмау үшін қызметкерлерді осы жағдайларды шешу шараларына жедел үйрету.

4.1.72. Орындаушының өз құшімен шешілмейтін еңбек даулары туындаған жағдайда, осы әрекеттерді Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, дауды мүмкіндігінше тезірек шешу үшін өз каражаты есебінен білікті медиаторларды немесе мамандарды тарту.

4.1.73. Ұжымдық еңбек дауы туындаған жағдайда, Тапсырыс берушіге қызметкерлер қойған ұжымдық талаптарға қатысты барлық қажетті ақпарат пен құжаттаманы (негізделген лауазымы, талаптарды қанағаттандыру мүмкін еместігін растайтын құжаттар және т.б.) ұсыну.

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіpte және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) ¼-нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.6. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, енбекті және қоршаған органды қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ак адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумактары туралы ақпаратпен танысады талап етуге құқығы бар.

4.2.7. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқығы бар.

4.2.8. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінімнің құрамында мәлімделген жабдықты, машиналарды (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді баламасымен ауыстырады.

4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған құннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған құннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, енбекті және қоршаған органды қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ак адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумактары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

4.3.5. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған құннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтаруға міндеттенеді.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіpte және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елшілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және





толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сакталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Шарттың 7-бөлімінде көзделген тұрақсызық айыбының (айыппұлдардың, өсімпұлдардың), сондай-ақ Орындаушыға төленуге жататын сомалардан шығындардың сомаларын шегеру.

4.4.7. Орындаушыға жазбаша хабарлау арқылы Қызметтер көлемін азайту және (немесе) Орындаушыдан Шартта көзделген Қызметтердің қандай да бір бөлігін көрсетпеуді талап ету. Бұл жағдайда Шартқа косымша келісімге қол қою талап етілмейді, ал төлем Тапсырыс беруші нақты көрсеткен және қабылдаған Қызметтер көлемі үшін жүргізіледі, бұл ретте Тапсырыс беруші Орындаушының алдында Орындаушының шеккен шығындары үшін жауапты болмайды.

4.4.8. Егер Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жою бойынша өз міндеттемелерін, шарттық міндеттемелердің талаптарын орындамаса, бұзушылықтарды жойғанға дейін Қызметтер көрсетуді тұтастай немесе оның бір бөлігін тоқтату туралы жазбаша нұсқамамен өкім беру.

4.4.9. Тапсырыс берушінің пікірі бойынша, Мердігердің біліксіз, тәртіпке бағынбайтын, немесе қандай да бір өзге тұрғыда қанағаттанарлықсыз қызметкерін Жұмыстарға қатысадан дереке шеттетуді Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламасы арқылы талап ету. Мұндай қызметкерді Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Жұмыстарды орындауға қатысу үшін қайтадан жалдауға болмайды. Шеттету жөніндегі барлық шығыстарды Мердігер көтереді және қызметкерді уақтылы тек өз есебінен ғана ауыстыруы тиіс.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Тапсырыс беруші Орындаушымен бірлесіп көрсетілген Қызметтердің сапасын олардың техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және 10 (он) жұмыс күні ішінде осындағы актіге қол қою арқылы орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Жұмыстарды орындауға қатысу үшін қайтадан жалдауға болмайды. Шеттету жөніндегі барлық шығыстарды Мердігер көтереді және қызметкерді уақтылы тек өз есебінен ғана ауыстыруы тиіс.

5.3. Көрсетілген Қызметтерді қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.4. Көрсетілген Қызметтердің саны мен сапасы (оның ішінде кепілдік мерзімі ішінде) мәселелері бойынша талап-арызы Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызметтер көрсетілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде немесе әдettегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес кемшіліктер (жасырын кемшіліктер) анықталған кезде үсынады.

5.5. Егер Орындаушы 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай талап-арызы Орындаушы тарапынан танылған болып саналады және Орындаушы өз тәуекелдері мен шығыстары есебінен хабарлама жіберілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде немесе Тараптармен келісілген өзге мерзім ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен кемшіліктерді жоюға міндеттенеді.

5.6. Егер кемшіліктер осы болімнің 5.5-тармағында көрсетілген мерзімдерде жойылмаса, Тапсырыс беруші Шартта көзделген санкцияларды біржақты тәртіппен бұзуга және Орындаушыдан осындағы бұзуга байланысты залалдар мен шығыстарды өтеуді талап етуге құқылы.

5.7. Егер Тапсырыс беруші Қызметтер көрсетілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға Қызметтердің тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермесе, Қызметтер Тапсырыс берушімен қабылданған болып саналады және Шарттың талаптарына сәйкес төленуі тиіс.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер қызметті қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Көрсетілген Қызметтердің сапасы Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын көрсетілген қызмет түрі бойынша тиісті салалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік стандарттарға/талаптарға сәйкес келуі тиіс.





6.3. Орындаушы орындалған Жұмыстар (көрсетілген қызметтер) түпкілікті актісіне қол қойылған күннен бастап 12 (он екі) айда белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Қызметтердің сапасына кепілдік береді.

6.4. Орындаушы Шартқа Тараптар қол қойғаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан [Шарттың орындалуын қамтамасыз ету пайызы] мөлшеріндегі сомаға Шарттың орындалуына банктік кепілдіктің түпнұсқасын ұсынады, ол Шартқа №5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша немесе Жүйеде қалыптастырылған электрондық банк кепілдігі түрінде _____ (сомасы жазбаша) тенгені құрайды. Шарттың орындалуының банктік кепілдігі Тараптар Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) түпкілікті актісіне қол қойған күннен бастап құнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, бірақ 2026 жылғы 31 қаңтардан кешікпейтін мерзімге дейін қолданылуы тиіс.

6.5. Шарттың талаптары өзгерген, Қызметтерді көрсету мерзімі өткен немесе өзге де қажеттілік туындаған жағдайда, Орындаушы Шарттың орындалуына банктік кепілдіктің қолданылу мерзімін Тапсырыс берушімен келісілген күнге дейін ұзартуға міндетті, бұл ретте Шарттың орындалуына банктік кепілдіктің қолданылу мерзімі Тараптар Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) түпкілікті актісіне қол қойғаннан кейін құнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте аяқталмауга тиіс.

6.6. Шартты орындаудың банктік кепілдігінің баламасы ретінде Орындаушы Шартқа Тараптар қол қойғаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде шарттың жалпы сомасынан [Шарттың орындалуын қамтамасыз ету пайызы] мөлшерінде ақшалай қамтамасыз етуді Тапсырыс берушінің есеп айырысу шоғына аударуға құқылы, ол _____ (сомасы жазбаша) тенгені құрайды.

6.7. Шарттың жалпы сомасы ұлғайған жағдайда, Орындаушы 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге Шартты орындаудың жаңа банктік кепілдігін (немесе бүрін берілген банктік кепілдікке өзгертуді/толықтыруды) беруге немесе Шарттың орындалуының банктік кепілдігінің немесе ақшалай қамтамасыз етудің сомасы Шарттың жалпы сомасынан [Шарттың орындалуын қамтамасыз ету пайызын] құрайтындей етіп Тапсырыс берушінің есептік шоғына қосымша соманды аударуға міндеттенеді.

6.8. Осы бөлімде көзделген барлық банктік кепілдіктер шартсыз және қайтарып алынбайтын болуға тиіс. Шарттың осы бөлімінде көзделген банктік кепілдіктер беруге қолданылатын барлық банк алымдары тек Орындаушының есебінен ғана өтеделі. Бұл ретте Тапсырыс беруші банктік кепілдіктерді кепілгер банктен осындаї кепілдіктерді свифттік расталғаннан кейін ғана қабылдайды.

6.9. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған немесе тиісінше кепілдік мерзімі өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге банктік кепілдікті немесе ақшалай қамтамасыз етуді қайтару туралы жазбаша сұрау салу жіберуге міндетті.

6.10. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындаған немесе бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші банктік кепілдікті немесе ақшалай қамтамасыз етуді толық қөлемде пайдалануға құқылы. Бұл ретте банктік кепілдікке немесе ақшалай қамтамасыз етүге өндіріп алуды қолдану Тапсырыс берушінің сөзсіз құқығы болып табылады және Орындаушының өз міндеттемелерін орындаудын қамтамасыз етудің немесе Шартта көзделген тұрақсыздық айыбын өндіріп алудың кез келген тәсілін алмастыру емес, толықтыру ретінде әрекет етеді.

6.11. Егер Шартта көзделген банктік кепілдіктердің кез келгені өз қолданысын токтатса не Тапсырыс беруші тиісті банктік кепілдікті оның қолданылуы аяқталғанға дейін пайдалану мүмкіндігін жоғалтса, Орындаушы Тапсырыс берушіге Тапсырыс берушіден хабарлама (талақ) алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шартта көзделген талаптармен жаңа банктік кепілдікті немесе ақшалай қамтамасыз етуді беруге міндеттенеді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны және/немесе тиісінше орындағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заннамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерде туристік құндылықтан тыс есептеуді ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салуаттылығы саласындағы заннамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкесіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.2.3. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге уақытында өтелмеген міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір құнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.4. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір құнтізбелік күн үшін уақытында өтелмеген міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.





7.2.5. Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушы орындаған, Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 10%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндettі.

7.2.6. Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерінің кез келген бөлігін орындаған, бас тартқан немесе орындан алмаған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеменің 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндettі.

7.2.7. Орындаушиның Шартта көрсетілген құжаттарды ұсыну мерзімдерін бұзғаны үшін Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуге міндettі.

7.2.8. Орындаушы Шартты орында барысында кез келген адамға немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп сокқан Қазақстан Республикасының заңнамасын, соның ішінде нормалар мен стандарттарды бұзуы үшін толық жауапкершілікте болады және келтірілген зиянды толық өтеуге міндettі. , сондай-ақ Тапсырыс берушіні осындай тұлғалардың және үекілді органдардың Орындаушиның бұзушылықтарынан туындаған кез келген талаптардан қорғау үшін.

7.2.9. Орындаушы Тапсырыс берушінің мүлкіне келтірілген залал үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық көлемде жауапты болады. Орындаушиның кінәлі әрекеттері/әрекетсіздігі (оның ішінде өндірістік процесті жоспарланбаған уақытша тоқтатуға/тоқтатуға негіз болған) нәтижесінде Тапсырыс берушінің шығыстарына, нормативтен тыс шығарындылар мен төгінділер үшін төлемдерді, айыппұлдарды, өндірістік процесті бұзға байланысты тікелей шығындарды қоса алғанда, штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде Орындаушы Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтеу арқылы жауапты болады. Келтірілген залалды Тараптардың өкілдерінен және қажет болған жағдайда мүдделі/құзыретті үшінші тұлғалардан тұратын комиссия тиісті құжаттарды жинау және акт жасау арқылы бағалайды. Орындаушы бағаланған келтірілген залалдың сомасын Тапсырыс берушіге тиісті акт жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей өтеуге міндettі.

